

**«ПМХЗ» ЖШС-нің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2023 жылдың тамыз-желтоқсан айларына арналған бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру және маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметі туралы есебі**

2024 жылғы 29 наурызда «Обозрение недели» газетінің № 11 (726) нөмірінде «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС (бұдан әрі – «ПМХЗ» ЖШС) тұтынушы кәсіпорындар алдында бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру және маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің 2023 жылдың қорытындылары бойынша қызметі туралы есептің тыңдауларын 2024 жылғы 24 сәуірде өткізетіні туралы хабарландыру жариялады.

«ПМХЗ» ЖШС Қазақстанның ірі мұнай өңдеу кәсіпорындарының бірі және мұнай өңдеу тереңдігін шамамен 89% қамтамасыз ететін технологиялық қондырғылар жинақталған Қазақстандағы жалғыз мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 6 млн. тонна шикі мұнайды құрайды.

Зауытта әртүрлі маркалы автомобиль бензинін, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды, дизель отынын, вакуумды газойльді, сұйылтылған газдарды, мазутты, мұнай битумдарын, мұнай коксін, күкіртті қамтитын өнімдердің кең ассортименти бар.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС 2023 жылғы қаңтардан бастап мынадай реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілді:

1. бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызмет;
2. маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызмет.

«ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ (бұдан әрі - «ТМРҚД» РММ) 2023 жылғы 27 шілдедегі №63-НҚ бұйрығымен «ПМХЗ» ЖШС-де 2023 жылғы 01 тамыздан 2024 жылғы 31 шілдеге дейінгі кезеңге тарифтік сметалар төмендегі тарифтер бойынша:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне арналған тариф **53,77 теңге/вагон/км (ҚҚС қоспағанда)** мөлшерінде;

- жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметіне арналған тариф **77,54 теңге/вагон/сағ. (КҚС қоспағанда)** мөлшерінде бекітілді.

«ТМРҚД» РММ-нің 2023 жылғы 16 қарашадағы №98-НҚ бұйрығымен «ПМХЗ» ЖШС 2023 жылғы 01 тамыздан 2024 жылғы 31 шілдеге дейінгі кезеңге тарифтік сметалардың баптарын тарифтерді өзгертпей түзетуді бекітті.

2019 жылғы 19 қарашадағы №90 «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» (бұдан әрі – Қағидалар) 328-тармағына сәйкес «ПМХЗ» ЖШС, табиғи монополиялар субъектісі ретінде жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей «База «Монополист» веб-порталы арқылы уәкілетті органның ведомствосына алдыңғы күнтізбелік жыл үшін бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті негіздеуші материалдарымен бірге электрондық нысанда ұсынады.

Қағидалардың 3-тармағының 14-тармақшасына сәйкес бекітілген тариф және тарифтік смета және инвестициялық бағдарлама қолданылатын есептік кезең – тариф, тарифтік смета және инвестициялық бағдарлама бекітілген уақыт кезеңі.

Павлодар облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 55-03-09/1873 хатына сәйкес «ПМХЗ» ЖШС-нің кірме жолдарды ұсыну бойынша қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы есеп 2023 жылғы 01 тамыздан 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта 5 айға ұсынылады.

Бекітілген жоспар мен нақты кезеңдердің сәйкес келмеуіне байланысты бекітілген тарифтік сметаларды орындау анализін толық көлемде ұсынуға мүмкіндік жоқ (тарифтік сметалар 12 айға бекітілді, нақты есептік кезең 5 ай, 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін).

«ПМХЗ» ЖШС үшін кірме жолдар қызметтеріне инвестициялық бағдарламалар бекітілмеді.

Кірме жолдар қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы есептерді толығырақ қарастырайық.

## 1-кесте

### 2023 жылдың тамыз-желтоқсан айларына арналған бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп

№ р/с	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	5 айдағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері (2023 жылғы тамыз-желтоқсан)	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы:	мың теңге	12 694,0	10 592,1	-17	нақты 5 ай

№ р/с	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	5 айдағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері (2023 жылғы тамыз-желтоқсан)	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
	соның ішінде:					
<b>1</b>	<b>Материалдық шығындар, барлығы</b>	-//-	<b>302,3</b>	<b>283,3</b>	<b>-6</b>	нақты 5 ай
	соның ішінде:					
1.1	Пайдалануға кеткен материалдар	-//-	234,6	187,9	<b>-20</b>	нақты 5 ай
1.2	отын (ЖЖМ)	-//-	55,3	39,6	<b>-28</b>	нақты 5 ай
1.3	Сатып алынатын энергия	-//-	10,7	54,2	<b>407</b>	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
1.4	Жылу энергиясы	-//-	1,7	1,6	<b>-6</b>	нақты 5 ай
<b>2</b>	<b>Еңбекақы төлеуге жұмсалған шығындар, барлығы,</b>	-//-	<b>7 818,8</b>	<b>6 881,8</b>	<b>-12</b>	нақты 5 ай
	соның ішінде:					
2.1	Еңбекақы	-//-	7 026,7	6 179,8	<b>-12</b>	нақты 5 ай
2.2	Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар	-//-	581,3	516,7	<b>-11</b>	нақты 5 ай
2.3	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)	-//-	210,8	185,3	<b>-12</b>	нақты 5 ай
<b>3</b>	<b>Негізгі қаражаттың амортизациясы</b>	-//-	<b>3 462,4</b>	2 428,6	<b>-30</b>	нақты 5 ай
<b>4</b>	<b>Жөндеу, барлығы</b>	-//-	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	
<b>5</b>	<b>Басқа шығындар, барлығы</b>	-//-	<b>1 110,4</b>	<b>998,4</b>	<b>-10</b>	нақты 5 ай
	соның ішінде:					
5.1	Міндетті медициналық қарау	-//-	18,1	0,0	<b>-100</b>	нақты 5 ай
5.2	Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру	-//-	66,3	97,3	<b>47</b>	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
5.3	Арнайы киім мен ЖҚҚ	-//-	438,6	191,2	<b>-56</b>	нақты 5 ай
5.4	Арнайы сабын	-//-	15,6	15,9	<b>2</b>	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
5.5	Арнайы сүт	-//-	95,0	44,1	<b>-54</b>	нақты 5 ай
5.6	Кеңсе тауарлары	-//-	6,4	3,6	<b>-44</b>	нақты 5 ай
<b>5.7</b>	<b>Басқа шығыстар</b>	-//-	<b>470,4</b>	<b>646,3</b>	<b>37</b>	

№ р/с	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	5 айдағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері (2023 жылғы тамыз-желтоқсан)	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
5.7.1	Жол өлшеу үлгілерін тексеру	-//-	1,4	1,4	0	
5.7.2	Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру	-//-	44,7	77,1	72	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
5.7.3	Мүлікке қойылатын салық	-//-	424,3	567,8	34	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
II	Қызметтер көрсетуге кеткен барлық шығындар	-//-	12 694,0	10 592,1	-17	нақты 5 ай
III	Барлық кірістер	-//-	12 694,0	4 486	-65	нақты 5 ай
IV	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	вагон/км	236 066	83 433	-65	нақты 5 ай
V	Тариф (қосылған құн салығын қоспағанда)	теңге	53,77	53,77	0	
VI	Қызметтер көрсетуге кеткен шығындар	теңге	53,77	126,95	136	

Тарифтік сметада бекітілген және нақты шығындар табиғи монополиялар мен өзге де қызметтердің реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірістердің, шығындар мен іске қосылған активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесіне сәйкес шығындарды бөлу коэффициенттері бойынша бөлінген.

5 айға арналған (2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін) тарифтік сметадағы нақты шығындардың жалпы сомасы – 10 592,1 мың теңге, ал бекітілгені - 12 694 мың теңге, яғни 2 101,9 мың теңгеге немесе 17%-ға кем.

Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес 5 айдағы артық жұмсалым 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейінгі кезеңде төмендегі баптар бойынша туындады.

**«Сатып алынатын энергия» бабы** - бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдар қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 10,7 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 54,2 мың теңгені құрады, ал бұл 43,5 мың теңгеге артық.

Осы бап бойынша артық жұмсалым 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушы механизмі және нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы негізінде электр энергиясы нарығының жаңа моделіне көшуге байланысты болып отыр.

Реттелетін қызмет көрсетуге қатысатын «ПМХЗ» ЖШС объектілерін электр энергиясымен жабдықтауға жұмсалатын шығындар ай сайын есептелетін орташа тариф бойынша шығады.

Бекітілген тарифтік сметада баға «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-дан, «ПЭТК» АҚ-дан, «KEGOC» АҚ-дан және «ЖЭК бойынша РФО» ЖШС-дан электр энергиясын жеткізуді ескере отырып, электр энергиясының орташа өлшенген құны 16,43 теңге кВт/сағ. деңгейінде алынды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ электр энергиясын жеткізу 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 23977.05 шарт, 12,64 теңге/кВтсағ. (КҚС қоспағанда) тарифі, 2022 жылғы 26 желтоқсандағы ҚК бойынша «ПЭТК» АҚ желілері арқылы – 5,33 теңге/кВтсағ. бағасына (2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 24016.06 шарт) сәйкес жүзеге асырылды. Орташа тариф «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметін және «ЖЭК бойынша РФО» ЖШС – электр қуатының жүктемені арттыруға дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ескере отырып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 06 маусымдағы №211 бұйрығымен «Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ (бұдан әрі – «ЭҚНҚО» АҚ) Қазақстан Республикасы «Электр энергетикасы туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 1-бабының 22-5)-тармақшасына сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді орталықтандырылған сатып алу-сатуды жүзеге асыратын теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы болып айқындалды.

Заңның 15-10-бабының 3-тармағына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын өткізуді (сатуды) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына ғана жүзеге асырады. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теріс теңгерімсіздіктерді тек теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан ғана сатып алуды жүзеге асырады.

Сонымен қатар Заңның 15-10-бабының 2-тармағына сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату уәкілетті орган бекіткен үлгілік нысан бойынша жасалатын теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шарты шеңберінде жүзеге асырылады.

Заңдағы осы өзгерістерге сәйкес «ПМХЗ» ЖШС-нің бұрынғы режимде жұмыс істеуі үшін қосымша мынадай шарттар:

- Бірыңғай сатып алушымен («ЖЭК бойынша РФО» ЖШС) – электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу бойынша;

- «Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ (бұдан әрі – «ЭҚНҚО» АҚ) – электр энергиясының теңгерімсіздігін сатып алу/сату бойынша;

- «KEGOC» АҚ-мен – ұлттық электр желісін пайдалану үшін шарттар жасалды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты 2023 жылдың 5 айына арналған электр энергиясының нақты орташа өлшенген құны бекітілген тарифтік сметада есептелген орташа өлшенген 16,43 теңге кВт/с құнымен салыстырғанда тамыздан желтоқсанға дейінгі аралықта 19,62 теңге кВт/сағ. құрады, бұл шығындардың ұлғаюына әкеп соқты.

**«Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабы** - бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдар қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 66,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 97,3 мың теңгені құрады.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде «Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабындағы шығындар кәсіптік тәуекелдің 15-сыныбы сақтандыру тарифі бойынша есептелген, сақтандыру тарифінің коэффициенті – 1,13%.

2023 жылғы 17 тамыздан бастап «Еуразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-мен жаңа шарт (881512/2023/1/25162.06) жасалды.

Міндетті сақтандыруға кеткен шығындардың нақты есебі шартқа сәйкес «Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны төлеу тәртібі» 17-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіптік тәуекелдің 14-сыныбы, сақтандыру тарифінің 1,55% коэффициенті бойынша жүргізілді.

31 мың теңге сомасына немесе 47%-ға артық жұмсалым кәсіптік тәуекел сыныбы бойынша сақтандыру тарифінің өзгеруімен, сондай-ақ 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық айлықақылардың 10%-ға ұлғаюымен және тарифті бекіту кезінде қаражаттың жетіспеушілігімен негізделеді.

**«Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру» бабы** – 2023 жылғы сәуірде кірме жолдар қалдықтарының иесі ретінде «ПМХЗ» ЖШС-ге ҚР Экологиялық Кодексінің 318-бабы негізінде 2023 жылғы 10 сәуірдегі 1-санаттағы объектілерге әсер етуге Экологиялық рұқсат берілді.

Осы бап бойынша жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне нақты шығыстар 77,1 мың теңгені құрады, ал бекітілгені – 44,7 мың теңге еді, бұл 32,4 мың теңгеге немесе 72%-ға артық болып табылады.

Осы бап бойынша артық жұмсалым бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

**«Мүлікке қойылатын салық» бабы** жүру үшін кірме жол қызметіне 424,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, жүру үшін 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін мүлік салығы бойынша нақты шығыстар 567,8 мың теңгені құрады, бұл 143,5 мың теңгеге артық. Осы бап бойынша 34%-ға ұлғаю «ПМХЗ» ЖШС құрамына кірме жолдар қызметтерінің қызметін қайтарумен және негізгі қаражатты кәсіпорын балансына ауыстырумен байланысты.

Материалдық шығындар, амортизация, еңбекақы төлеу шығындары, арнайы киім және ЖҚҚ, арнайы сабын, арнайы сүт, кеңсе тауарлары баптары бойынша 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейінгі есептік кезең үшін үнемдеу қалыптасты, ол бекітілген және есепті кезеңдердің сәйкессіздігімен байланысты болып отыр.

2-кесте

**Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ 2023 жылдың тамыз-желтоқсан айларына арналған бәсекелес кірме жолдар болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген**

**жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсынудың реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп.**

№ р/с	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	5 айдағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері (2023 жылғы тамыз-желтоқсан)	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
<b>I</b>	<b>Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы:</b>	<b>мың теңге</b>	<b>147 989,3</b>	<b>123 482,5</b>	<b>-17</b>	нақты 5 ай
	соның ішінде:					
<b>1</b>	<b>Материалдық шығындар, барлығы, соның ішінде</b>	<b>-//-</b>	<b>3 523,9</b>	<b>3 302,5</b>	<b>-6</b>	нақты 5 ай
	соның ішінде:					
1.1	Пайдалануға кеткен материалдар	-//-	2 733,7	2 190,0	-20	нақты 5 ай
1.2	Отын (ЖЖМ)	-//-	645,4	460,7	-29	нақты 5 ай
1.3	Сатып алынатын энергия	-//-	125,0	632,7	406	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
1.4	Жылу энергиясы	-//-	19,8	19,1	-4	нақты 5 ай
<b>2</b>	<b>Еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығындар, барлығы</b>	<b>-//-</b>	<b>91 155,1</b>	<b>80 230,8</b>	<b>-12</b>	нақты 5 ай
	соның ішінде:					
2.1	Еңбекақы	-//-	81 920,9	72 046,3	-12	нақты 5 ай
2.2	Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар	-//-	6 776,6	6 023,1	-11	нақты 5 ай
2.3	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)	-//-	2 457,6	2 161,4	-12	нақты 5 ай
<b>3</b>	<b>Негізгі қаражаттың амортизациясы</b>	<b>-//-</b>	<b>40 366</b>	<b>28 311,6</b>	<b>-30</b>	нақты 5 ай
<b>4</b>	<b>Жөндеу, барлығы</b>	<b>-//-</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0</b>	
<b>5</b>	<b>Басқа шығындар, барлығы</b>	<b>-//-</b>	<b>12 944,3</b>	<b>11 637,6</b>	<b>-10</b>	нақты 5 ай
	соның ішінде:					
5.1	Міндетті медициналық қарау	-//-	211,2	0,0	-100	нақты 5 ай
5.2	Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру	-//-	773,3	1 135,1	47	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі

№ р/с	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	5 айдағы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері (2023 жылғы тамыз-желтоқсан)	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
5.3	Арнайы киім және ЖҚҚ	-//-	5 113,5	2 228,6	-56	нақты 5 ай
5.4	Арнайы сабын	-//-	182,3	185,3	2	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
5.5	Арнайы сүт	-//-	1 106,5	514,1	-54	нақты 5 ай
5.6	Кеңсе тауарлары	-//-	74,5	41,8	-44	нақты 5 ай
<b>5.7</b>	<b>Басқа шығыстар</b>	-//-	<b>5 483,0</b>	<b>7 532,7</b>	<b>37</b>	
5.7.1	Жол өлшеу үлгілерін тексеру	-//-	16,0	16,0	0	
5.7.2	Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру	-//-	520,2	897,7	73	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
5.7.3	Мүлікке қойылатын салық	-//-	4 946,8	6 619,0	34	БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі
<b>II</b>	<b>Қызметтерді ұсынуға кеткен барлық шығындар</b>	-//-	<b>147 989,3</b>	<b>123 482,5</b>	<b>-17</b>	нақты 5 ай
<b>III</b>	<b>Барлық кірістер</b>	-//-	<b>147 989,3</b>	<b>37 154,9</b>	<b>-75</b>	нақты 5 ай
<b>IV</b>	<b>Ұсынылатын қызметтер көлемі</b>	<b>вагон/сағат</b>	<b>1 908 500</b>	<b>479 171,0</b>	<b>-75</b>	нақты 5 ай
<b>V</b>	<b>Тариф (қосылған құн салығын қоспағанда)</b>	<b>теңге</b>	<b>77,54</b>	<b>77,54</b>	<b>0</b>	
<b>VI</b>	<b>Қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар</b>	<b>теңге</b>	<b>77,54</b>	<b>257,70</b>	<b>232</b>	

Тарифтік сметада бекітілген және нақты шығындар табиғи монополиялар мен өзге де қызметтердің реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірістердің, шығындар мен іске қосылған активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесіне сәйкес шығындарды бөлу коэффициенттері бойынша бөлінген.

2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейінгі тарифтік сметадағы шығындардың жалпы сомасы – 123 482,5 мың теңге, ал бекітілгені – 147 989,3 мың теңге, яғни 24 506,8 мың теңгеге немесе 17%-ға кем.

Жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес 5 айдағы артық жұмсалым 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейінгі кезеңде төмендегі баптар бойынша туындады.

«Сатып алынатын энергия» бабы - бекітілген тарифтік сметада шығындар сомасы 125 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 632,7 мың теңгені құрады.



Осы бап бойынша артық жұмсалым 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушы механизмі және нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы негізінде электр энергиясы нарығының жаңа моделіне көшуге байланысты болып отыр.

Реттелетін қызмет көрсетуге қатысатын «ПМХЗ» ЖШС объектілерін электр энергиясымен жабдықтауға жұмсалатын шығындар ай сайын есептелетін орташа тариф бойынша шығады.

Бекітілген тарифтік сметада баға электр энергиясының орташа өлшенген құны 16,43 теңге кВт/сағ. деңгейінде алынды, электр энергиясының нақты орташа өлшенген құны 2023 жылдың 5 айында тамыздан желтоқсанға дейін 19,62 теңге кВт/сағ. құрады, бұл шығындардың өсуіне әкелді.

**«Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабы** - бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдарды беру қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 773,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 1 135,1 мың теңгені құрады.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде «Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабындағы шығындар кәсіптік тәуекелдің 15-сыныбы сақтандыру тарифі бойынша есептелген, сақтандыру тарифінің коэффициенті – 1,13%.

2023 жылғы 17 тамыздан бастап «Еуразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-мен жаңа шарт (881512/2023/1/25162.06) жасалды.

Міндетті сақтандыруға кеткен шығындардың нақты есебі шартқа сәйкес «Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны төлеу тәртібі» 17-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіптік тәуекелдің 14-сыныбы, сақтандыру тарифінің 1,55% коэффициенті бойынша жүргізілді.

361,8 мың теңге сомасына немесе 47%-ға артық жұмсалым кәсіптік тәуекел сыныбы бойынша сақтандыру тарифінің өзгеруімен, сондай-ақ 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық айлықақылардың 10%-ға ұлғаюымен және тарифті бекіту кезінде қаражаттың жетіспеушілігімен негізделеді.

**«Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру» бабы** – 2023 жылғы сәуірде кірме жолдар қалдықтарының иесі ретінде «ПМХЗ» ЖШС-ге ҚР Экологиялық Кодексінің 318-бабы негізінде 2023 жылғы 10 сәуірдегі 1-санаттағы объектілерге әсер етуге Экологиялық рұқсат берілді.

Осы бап бойынша жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметіне нақты шығыстар 897,7 мың теңгені құрады, ал бекітілгені – 520,2 мың теңге еді, бұл 377,5 мың теңгеге немесе 73%-ға артық болып табылады.

Осы бап бойынша артық жұмсалым бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

**«Мүлікке қойылатын салық» бабы** тұрақ үшін кірме жол қызметіне 4 946,8 мың теңге мөлшерінде бекітілді, 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін мүлік салығы бойынша нақты шығыстар 6619 мың теңгені құрады. Осы бап бойынша 34%-ға немесе 1 672,5 мың теңгеге ұлғайту «ПМХЗ» ЖШС құрамына кірме жолдар қызметтерінің қызметін қайтарумен және негізгі қаражатты кәсіпорын балансына ауыстырумен байланысты.

Материалдық шығындар, амортизация, еңбекақы төлеу шығындары, арнайы киім және ЖҚК, арнайы сабын, арнайы сүт, кеңсе тауарлары баптары бойынша 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейінгі есептік кезең үшін үнемдеу қалыптасты, ол бекітілген және есепті кезеңдердің сәйкессіздігімен байланысты болып отыр.

«ПМХЗ» ЖШС қызметінің 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейінгі есептік кезеңдегі кірме жолдар қызметтері бойынша негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін қарастырып көшейік.

3-кесте

**«ПМХЗ» ЖШС қызмет көрсетуден 2023 жылғы тамыз-желтоқсандағы қаржылық нәтижесі, мың теңгемен**

Атауы	2023 жылғы тамыз-желтоқсан үшін нақыт түсім, мың теңге	Тамыз-желтоқсан айларына өзіндік құн, мың теңге	Жалпы пайда (+) / залал (-)
<b>Табиғи монополия саласындағы қызметтерді іске асыру, барлығы:</b>	<b>41 641</b>	<b>134 075</b>	<b>-92 434</b>
соның ішінде			
Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі	4 486	10 592	-6 106
Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі	37 155	123 483	-86 328

2023 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейін кірме жол қызметтерін көрсетуден түскен **түсім:**

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі бойынша 4 486 мың теңге;

- маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызметтер бойынша 37 155 мың теңге.

Кірме жолдар қызметтерін көрсетуге кеткен **шығыстар** 134 075 мың теңгені құрады, соның ішінде:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне шығыстар – 10 592 мың теңге;

-маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметіне шығыстар – 123 483 мың теңге.

**Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС қызметінің  
негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері, мың теңге  
(Басқарушылық есеп)**

<b>Қаржы нәтижесі</b>	<b>Бекітілген тарифтік смета</b>	<b>Бекітілген тариф, теңге, ҚҚС қоспағанда</b>	<b>Нақты, 2023 жылғы тамыз-желтоқсан, мың теңге</b>
<b>Кірістер, барлығы:</b>	<b>160 683</b>		<b>41 641</b>
соның ішінде			
Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі	12 694	53,77 теңге/вагон/км	4 486
Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі	147 989	77,54 теңге/вагон/сағат	37 155
<b>Шығыстар, барлығы:</b>	<b>160 683</b>		<b>134 075</b>
соның ішінде			
Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі	12 694	53,77 теңге/вагон/км	10 592
Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі	147 989	77,54 теңге/вагон/сағ.	123 483
<b>Қаржы нәтижесі:</b>	<b>0</b>		<b>-92 434</b>
соның ішінде			
Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі	0	53,77 теңге/вагон/км	-6 106
Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі	0	77,54 теңге/вагон/сағ.	-86 328

Есептік кезеңнің қорытындылары бойынша 2023 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейін кірме жолдардың қызметтері бойынша 92 434 мың теңге, соның ішінде:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну бойынша – 6 106 мың теңге;

- маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша – 86 328 мың теңге шығынға жол берілді.

#### 5-кесте

#### «ПМХЗ» ЖШС-нің 2023 жылғы тамыз-желтоқсан айларында қызмет көрсетуге кеткен шығындары

Қызметтің атауы	Бекітілген тариф, теңге	Бірлік үшін шығындар, теңгемен, ҚҚС қоспағанда	Ауытқу (+) / (-)	%
Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі, теңге/вагон,км	53,77	126,95	73,18	136
Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі, теңге / вагон,сағ.	77,54	257,70	180,16	232

5 айдың қорытындылары бойынша 2023 жылдың тамыз-желтоқсан айлары аралығында кәсіпорын жылжымалы құрамның жүруі мен тұрағы үшін кірме жолдарды ұсыну бойынша қызметтер көрсету нәтижесінде пайда таппады.

Бір бірлік үшін тұтынушыларға қызмет көрсетудің нақты шығындары:

- 1 вагон/км жүру үшін кірме жолды ұсыну бойынша – 126,95 теңге/вагон/км.

- 1 вагон/сағат жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша – 257,7 теңге/вагон/сағат.

#### Ұсынылған реттелетін қызметтердің көлемдері туралы ақпаратты қарастырайық.

Қызмет көрсету көлемі жасалған шарттар негізінде айқындалған. Бекітілген тарифтік сметаға енген жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызмет көлемі 236 066 вагон/км мөлшерінде айқындалды.

Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы

құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметіне арналған тарифтік сметаға кірген көлем 1 908 500 вагон/сағат мөлшерінде айқындалды.

**6-кесте**

**2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну бойынша нақты көлем**

№ р/с	Атауы	Тамыз-желтоқсан нақты, вагон/км	Жалпы көлемдегі үлесі
	Жүру үшін кірме жолды ұсыну қызметі, жиыны:	83 432	100%
1	«INTERTRANS С.А.» ЖШС	4 605	5,5%
2	«ГазИндустрия» ЖШС	332	0,4%
3	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	127	0,2%
4	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	28 164	33,8%
5	«PETROSUN» ЖШС	33 431	40,1%
6	Басқа тұтынушылар	16 773	20,1%

**7-кесте**

**2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша нақты көлем**

№ р/с	Атауы	Тамыз-желтоқсан, нақты, вагон/сағат	Жалпы көлемдегі үлесі
	Тұрақ үшін кірме жолды ұсыну қызметі, жиыны:	479 171	100%
1	«INTERTRANS С.А.» ЖШС	34 666	7,2%
3	«Компания Нефтехим LTD» ЖШС	3 345	0,7%
4	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	157 582	32,9%
5	«PETROSUN» ЖШС	186 588	38,9%
5	Басқа тұтынушылар	96 990	20,2%

5 ай ішінде 2023 жылғы тамыздан желтоқсанға дейін жылжымалы құрамның жүруі мен тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызметтер көрсету көлемдері:

Жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызмет көрсету көлемі 83 433 вагон/км құрады.

Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызмет көрсету көлемі 479 171 вагон/сағатты құрады.

Бекітілген көлемдерден ауытқудың негізгі себептері, бұл АМӨЗ-ге ішінара бөле отырып, ҚР Энергетика министрлігінің мұнайды жеткізу кестесінің өзгеруі, сондай-ақ мұнай өнімдерінің бір бөлігін тиеп-жөнелту автомобиль көлігімен дербес әкету шарттарына сәйкес және құбыр арқылы тасымалдау жолымен жүргізілуі болып табылады. Сонымен қатар кірме жолдардың қызметтері бойынша

көлемдердің ауытқуына жыл бойы мұнай өнімдерін тиіп жөнелтуді жоспарлаған бірқатар контрагенттердің мұнай-газ саласындағы қызметін тоқтата тұруы да айтарлықтай әсер етті, сәйкесінше вагондар саны азайды.

Нақты көлемдер ай сайын өндірістік қызметтер көрсету туралы актілермен, сондай-ақ «ПМХЗ» ЖШС тарапынан қол қойылған кірме жолдар бойынша қызметтер көрсету тізілімдерімен және қосалқы тұтынушылармен расталады.

8-кесте

**Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС тарифтері туралы ақпарат**

Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Тариф, «ПМХЗ» ЖШС, теңгемен, ҚҚС қоспағанда	Енгізу күні
Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі	теңге/вагон/км	<b>53,77</b>	01.08.2023ж. мен 31.07.2024ж. аралығы
Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі	теңге/вагон/сағ.	<b>77,54</b>	01.08.2023ж. мен 31.07.2024ж. аралығы

**Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы**

Тұтынушылардың табиғи монополиялар саласына жататын көрсетілетін қызметтерге қажеттілігі жыл сайын қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде айқындалады.

Тұтыну көлемдерін қызмет тұтынушыларымен салыстыру бойынша жұмыс ай сайын жүргізіледі, сондай-ақ кейбір қызмет тұтынушыларының сұрауы бойынша салыстыру апта сайын немесе он күн сайын жүзеге асырылады.

Есептік кезеңде 2023 жылдың тамыз-желтоқсан айлары аралығында «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС кірме жолдары қызметтерін 70 тұтынушыға жүзеге асырды.

**Реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері**

«ПМХЗ» ЖШС үшін кірме жолдарды ұсыну қызметтеріне реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері және қызмет тиімділігінің көрсеткіштері әзірленбеді және бекітілмеді.

**Қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат**

«ПМХЗ» ЖШС негізгі жабдықты техникалық жарамды күйде қамтамасыз ету және ұстау бойынша жұмыстарды жалғастырады, сонда кірме жолдар бойынша

қызметтерді үздіксіз көрсетуді қамтамасыз ету мүмкін болады. Төтенше немесе күтпеген жағдайларды жоюға дайындық, сондай-ақ жабдықтың жұмыс істеу тиімділігін және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырады.

### **Қызметтің перспективалары (даму жоспарлары), соның ішінде тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы**

Кірме жолдары қызметтерін ұсыну ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Қызметтердің сапасы:

- кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандырумен;
- авариялық жағдайлардың туындау қауіптерін төмендетумен;
- жұмыста заманауи жабдықтарды пайдаланумен;
- реттеліп көрсетілетін қызметтер объектілеріне мерзімді диагностика жүргізумен қамтамасыз етіледі.

Кірме жолдарды ұсыну қызметтері мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгілеген сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25, 26-баптарымен реттеленетін табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС міндеттерін орындау үшін кірме жолдар қызметтерін көрсетуге кететін нақты шығындар, қызметтер көлемдері туралы ақпарат кәсіпорынның сайтында орналастырылды.